

**Олжас
Сүлейменов**
(1936 жылы
дүниеге
келді)



Сәлеметсіздер ме, оқушылар! Бүгін сабақтың тақырыбы
«Олжас Сүлейменов – XX ғасырдың аса көрнекті ақыны»

Жоспар бойынша:

- 1) Презентациямен танысу
- 2) Біздің елімізге Олжас Сүлейменов қандай үлкен шара өткізді?
- 3) Олжастың өлеңдерінің тақырыбы қандай?
- 4) Автор өз шығармашылықпен жастарды неге шақырады?
- 5) Кестені толтыру:

Білем	Білдім	Білгім келеді

Өмірбаяны

- 1936 ж. Мамырдың 18 Алматыда дүниеге келген.
- 1959 ж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Геология факультетін, кейін А. М. Горький атындағы Әдебиет институтын бітіреді.
- 1962—71 жж. Қазақстанская Правда ұнжариясының әдеби қызметкері, Қазақфилм киностудиясы сценарлық-редакциялық алқасының бас редакторы, Просторжурналының бөлім меңгерушісі болып жұмыстар атқарады.
- 1971—81 жж. Қазақстан жазушылар одағы басқармасының хатшысы, сонымен бірге 1972 ж. Азия-Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі Қазақстандық комитеттің төрағасы болды.
- 1981—83 жылдары Қазақ КСР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы.

- 1983—91 жылдары Қазақстан жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы болды.
- 1989 ж. ақпанында халқаралық Невада-Семей ядролық қаруға қарсы қозғалысының президенті болды.
- 1991 ж. қазанынан Қазақстан Халық конгрессі партиясының төрағасы, құрметті төрағасы болды.
- 1994 ж. сәуірде шақырылған ҚР Жоғарғы кеңесі төрағалығына ұсынылады, мәжілісте өз үміткерлігін талаппен алып тастайды.
- 1994—95 жж. ҚР Жоғарғы кеңесінің Қоршаған орта және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі.
- 1995 ж. тамызынан бастап ҚР Италия республикасындағы, 1996 ж. сәуірінен Грекия республикасындағы, сондай-ақ Мальта республикасындағы төтенше және өкілетті елші міндетін атқарды.

▣ Ақын мен өлең

Олжас Сүлейменов — табиғатынан рухани бұғауланбаған адам. Еркіндік — үнемі оның шығармашылық және қоғамдық қызметіндегі негізгі ұстаным болып табылатын-ды.

«Еркіндік» сөзінің мағынасы көп қырлы. Ақынның өзі де дәл осы ұғымға бірнеше түсініктемелер ұсынған. Заңғар биіктікте самғап ұшу үшін де ауа қажеттігін ол жақсы түсінді.

Сол себепті: Суретшінің шаруасы не далада.

Дімкәс талант — далада емес — Молада.

Еркіндіктің екінші аты — сол дала,

Сол даланы жүр өлеңге бала да, —деп жырлайды.

- 1975 ж. жарық көрген «Аз и Я» кітабі түркі және славян халықтарының ежелгі жазба ескерткіштеріне арналған. Тым-тым арғы, есте жоқ ескі замандағы ұлт пен ұлыстардың тілі, ғұрып-әдеті сөз болған бұл кітапті кейінгі зерттеушілердің тамаша қолғанаты, оқушылардың, қызығушылардың сүйіп оқыр ғылымнамасы деуге болады. Әсіресе кітаптың Шумернама бөлімі оқырманды тың да, тілсім қиялдарға бастайды. Кітаптың соңы 1001 сөз атты этимологиялық сөздікке ұласып, бұрыңғыдан кемелдене түсті.
- «1001 сөз» жазу мен таңбаның тарихы туралы шығарма, кітап әрқилы мәдениеттің кездейсоқ, жеке дара пайда болмастан бір-біріне тығыз байланыса отырып туылатынын, дамитынын осы 1001 сөзді дәйек ете отырып дәлелдеуге тырысады.

□ АҚЫНДЫҒЫ

- «Біз жаңаша өлең жазуды Олжастан үйрендік» дейді — Сергей Марков, бұл болса Олжас өлеңдерінің тынысы өзгешелігін әйгілегендей. 1961 жылғы тырнақ алды жинағы «Арғымақтар» кітабынан бері ол жиырма шақты жыр жинағына аутор болды. «Халықтың тарихы айналып келгенде ақынның үлесіне тиеді» — дейді А. С. Пушкин, оқып отырсаңыз Олжастың өлеңдері қазақ халқының талай ғасырлық мұңы мен қуанышын, сыры мен сипатын айтады, енді сіз бір ақынның жырын ғана емес бір ұлттың сан ғасырлық сәлихалы тарихын аралағандай боласыз. Олжас өлеңдері қазақ пен орыс арасында ғана емес, Еуропа елдері, Кіші Азия, Қытай, Америка елдері арасында өзінің асқақ қазақы үнін аспандата саңқылдатады.

Шығармалары:

- Нұрлы түндер, А., 1962;
- Қылықты түн, А., 1963;
- Мешін жылы, А., 1967;
- Таңдамалы лирика, М., 1968;
- Ақ дария аспанында, Таш., 1970;
- Атамекен, А., 1972;
- Қалаулы қайырма, А., 1973;
- Жұмыр жұлдыз, М., 1975;
- Көңіл көкжиегі, А., 1976, 1980;
- Определение берега, А., 1979;
- Асқардан асу, А., 1987;
- От января до апреля, А., 1989;

Марапаттары

1. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы, 1964 ж.;
2. Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығы, 1967 ж.;
3. Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығы, 1972 ж.;
4. Қазақстанның Халық жазушысы атағы, 1992 ж.;
5. Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығы, 2000 ж.